

## **Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2018 жылғы 14 маусымдағы № 242 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 13 шілдеде № 17194 болып тіркелді.

"Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 50-бабына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Халықты жұмыспен қамту және еңбек нарығын дамыту департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі көшірмесін қағаз және электрондық түрде "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне қосу үшін жіберуді;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберуді;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

5) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Н.Б. Әлтаевқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Ақпарат және коммуникациялар  
министрі

\_\_\_\_\_ Д. Абаев  
2018 жылғы 28 маусым

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Білім және ғылым министрі  
\_\_\_\_\_ Е. Сағадиев

2018 жылғы 18 маусым

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Инвестициялар және даму министрі  
\_\_\_\_\_ Ж. Қасымбек

2018 жылғы 29 маусым

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Қаржы министрі  
\_\_\_\_\_ Б. Сұлтанов

2018 жылғы 28 маусым

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Мәдениет және спорт министрі  
\_\_\_\_\_ А. Мұхамедиұлы

2018 жылғы 20 маусым

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Сыртқы істер министрі  
\_\_\_\_\_ Қ. Әбдірахманов

2018 жылғы 21 маусым

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық экономика министрі  
\_\_\_\_\_ Т. Сүлейменов

2018 жылғы " "

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Ішкі істер министрі

\_\_\_\_\_ Қ. Қасымов

2018 жылғы 15 маусым

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Энергетика министрі

\_\_\_\_\_ К. Бозымбаев

2018 жылғы 18 маусым

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ұлттық экономика министрінің

міндетін атқарушы

\_\_\_\_\_ Р. Дәленов

2018 жылғы 26 маусым

Қазақстан Республикасы  
Еңбек және халықты  
әлеуметтік қорғау министрінің  
2018 жылғы 14 маусымдағы  
№ 242 бұйрығына өзгерістер  
мен толықтырулар енгізілетін  
қосымша

**Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің өзгерістер мен толықтыру енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі**

1. "Оралмандар мен қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрі міндетін атқарушының 2016 жылғы 15 қаңтардағы № 20 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13334 болып тіркелген, 2016 жылғы 10 наурызда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Оралмандарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу қағидалары осы тізбедегі 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу қағидалары осы тізбедегі 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Күші жойылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 17.10.2023 № 446 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Күші жойылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 07.06.2023 № 207 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Күші жойылды – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты

әлеуметтік қорғау министрінің 22.06.2023 № 236 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. "Жұмыс күшінің ұтқырлығын арттыру үшін адамдардың ерікті түрде қоныс аудару қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 14 маусымдағы № 515 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13921 болып тіркелген, 2016 жылғы 17 тамызда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жұмыс күшінің ұтқырлығын арттыру үшін адамдардың ерікті түрде қоныс аудару қағидалары осы тізбеге 5-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

6. Күші жойылды – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 30.06.2023 № 275 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. "Жұмыс берушілерге шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру және (немесе) ұзарту, сондай-ақ корпоративішілік ауыстыруды жүзеге асыру қағидалары мен шарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрі міндетін атқарушының 2016 жылғы 27 маусымдағы № 559 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14170 болып тіркелген, 2016 жылғы 6 қазанда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Рұқсатты бергені және (немесе) ұзартқаны үшін жұмыс берушілерден " Қазақстан Республикасына шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсатты бергені және (немесе) ұзартқаны үшін алым мөлшерлемелерін белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 3 сәуірдегі № 157 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасына шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсатты бергені және (немесе) ұзартқаны үшін алым мөлшерлемелеріне сәйкес салық алымы (бұдан әрі – алым) алынады.";

38-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"38. Корпоративішілік ауыстыру шеңберіндегі рұқсат басшыда, менеджерде және маманда Дүниежүзілік сауда ұйымына мүше елдің аумағында құрылған, Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерде орналасқан және әрекет ететін заңды тұлғада кемінде бір жыл жұмыс тәжірибесі болған және олар осы Қағидалардың 2-тармағының 2), 10), 12) тармақшаларында көзделген талаптарға сәйкес келген, жұмыскерді корпоративішілік ауыстыру жүзеге асырылатын заңды тұлғаның оның біліктілігі мен кәсіби тәжірибесі туралы хатымен, сондай-ақ қабылдаушы тараптың жұмыскердің қажетті біліктілігі мен кәсіби жұмыс тәжірибесі бар екені туралы хатымен расталған жағдайда беріледі.".

8. Күші жойылды - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 01.09.2023 № 365 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау және  
әлеуметтік даму министрінің  
өзгерістер мен толықтыру  
енгізілетін кейбір  
бұйрықтарының тізбесіне  
1-қосымша

Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау және  
әлеуметтік даму министрі  
міндетін атқарушының  
2016 жылғы 15 қаңтардағы  
№ 20 бұйрығына  
1-қосымша

## **Оралмандарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу қағидалары**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Оралмандарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Халықтың көші-қоны туралы" 2011 жылғы 22 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 11-бабы 4-5) тармақшасына сәйкес әзірленді және оралман мәртебесін алған этникалық қазақты және оның отбасы мүшелерін оралмандарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелері – Қазақстан Республикасының шетелде орналасқан дипломатиялық және оларға теңестірілген өкілдіктері, сондай-ақ консулдық мекемелері;

2) оралман – тарихи отанында тұрақты тұру мақсатында Қазақстан Республикасына келген және Заңда белгіленген тәртіппен тиісті мәртебе алған, Қазақстан Республикасы егемендік алған кезде оның шегінен тыс жерде тұрақты тұрған этникалық қазақ және оның Қазақстан Республикасы егемендік алғаннан кейін оның шегінен тыс жерде туылған және тұрақты тұрған ұлты қазақ балалары;

3) оралмандарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу жөніндегі комиссия (бұдан әрі – Комиссия) – Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған өңірлердің жергілікті атқарушы органдары құрған оралмандарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу жөніндегі тиісті комиссиялар;

4) оралмандарды қабылдаудың өңірлік квотасы – Заңның 8-бабы 5) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған өңірлерге тұрақты тұру үшін келетін, Қазақстан Республикасының халықты жұмыспен қамту туралы заңнамасына сәйкес жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысушыларға

көзделген мемлекеттік қолдау шараларымен қамтамасыз етілетін оралмандардың немесе оралмандар мен олардың отбасы мүшелерінің шекті саны;

5) халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті орган – өз құзыреті шегінде халықтың көші-қоны саласындағы басшылықты, көші-қон процестерін реттеуді, халықтың көші-қоны саласындағы жұмысты үйлестіруді және мемлекеттік саясатты іске асыруды жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

6) жергілікті атқарушы орган – облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) басшылығымен өз құзыреті шегінде тиісті аумақта жергілікті мемлекеттік басқару мен өзін-өзі басқаруды басшылыққа алатын алқалы атқарушы орган;

7) этникалық қазақ – шетелде тұрақты тұратын ұлты қазақ шетелдік немесе азаматтығы жоқ адам;

8) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтерді, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға арналған техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерді және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтерін көрсету, "бір терезе" қағидаты бойынша мемлекеттік қызметтерді, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға арналған техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерді, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтерін көрсетуге өтініштер қабылдау және көрсетілетін қызметті алушыға олардың нәтижелерін беру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, сондай-ақ электрондық нысанда мемлекеттік қызметтер көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған, орналасқан жері бойынша жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын заңды тұлға .";

## **2-тарау. Қазақстан Республикасының аумағына өз бетінше келген этникалық қазақтарды оралмандарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу тәртібі**

3. Қазақстан Республикасының аумағына өз бетінше келген, оралман мәртебесін алған этникалық қазақтар жергілікті атқарушы органға не Мемлекеттік корпорацияға осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша оралмандарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу туралы өтініш (бұдан әрі – өтініш) береді.

4. Өтінішке қазақ немесе орыс тіліндегі аудармасымен мынадай құжаттар қоса беріледі:

1) оралманның және оның отбасы мүшелерінің (бар болса) жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмелері;

2) неке немесе некені бұзу туралы куәліктің (бар болса) көшірмесі;

3) білімін, біліктілігін және белгілі бір мамандық бойынша жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттардың (бар болса) не еңбек кітапшасының (бар болса) көшірмелері немесе жұмыс орнынан анықтама;

Мемлекеттік корпорация оралманның тұрғылықты жері бойынша тіркелгенін онда және онымен бірге тұратын отбасы мүшелерінің келетін елді мекенде меншік құқығында тиесілі тұрғын үйінің болуын растайтын мәліметтерді "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

5. Мемлекеттік корпорация өтініш берушіден өтініштер және осы Қағидалардың 4-тармағында көрсетілген құжаттар келіп түскен күннен бастап бір жұмыс күші ішінде оларды жергілікті атқарушы органға жолдайды.

6. Жергілікті атқарушы орган қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу туралы өтініш білдіруші оралмандарды этникалық қазақтардың тізімін қалыптастырады және өтініштерді алған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей Комиссияға оралмандарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу не одан бас тарту туралы шешім қабылдау үшін жолдайды.

7. Комиссия өтініш білдіруші оралмандардың тізімдерін алғаннан кейін он жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша оралмандарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу туралы не одан бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Комиссия этникалық қазақтардың өтініштері мен құжаттарын қараған кезде олардың Заңында белгіленген талаптарға сәйкес келетінін тексереді.

8. Қазақстан Республикасының аумағына өз еркімен келген және оралман мәртебесін алған этникалық қазақтар мен олардың отбасы мүшелерін оралмандарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізуден бас тарту үшін негіздеме:

1) ұсынған құжаттарда деректердің (мәліметтердің) дәйексіздігін анықтау;

2) осы Қағидалардың 4-тармағында көрсетілген ұсынылған құжаттардың толық еместігі фактісі анықтау;

3) этникалық қазақтың өтінішінде көрсетілген әкімшілік-аумақтық бірлікте оралмандарды қабылдаудың өңірлік квотасының болмауы болып табылады.

9. Жергілікті атқарушы орган Комиссия шешім қабылдаған күннен бастап күнтізбелік бес күн ішінде өтініш берушіге оралмандарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізілгені туралы шешімді жолдайды.

### **3-тарау. Қазақстан Республикасының аумағына келгенге дейін этникалық қазақтарды оралмандарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу тәртібі**

10. Қазақстан Республикасынан тыс жерде тұратын этникалық қазақтар Қазақстан Республикасының шет елдегі мекемелеріне осы Қағидалардың 4-тармағында көзделген

құжаттарды қоса бере осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасы аумағындағы болжамды тұратын өңірін көрсете отырып, оралмандарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу туралы өтініш береді.

11. Қазақстан Республикасының шет елдегі мекемелері Қазақстан Республикасынан тыс жерде тұратын этникалық қазақтардың өтініштерін қоса берген құжаттарымен бірге халықтың көші-қон мәселелері жөніндегі уәкілетті органға жолдайды.

12. Халықтың көші-қон мәселелері жөніндегі уәкілетті органы Қазақстан Республикасынан тыс жерде тұратын этникалық қазақтардың өтініштерін қоса берілген құжаттарымен бірге өтініш келіп түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде жергілікті атқарушы органға жолдайды.

13. Жергілікті атқарушы орган өтініштер келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күннен кешіктірмей оралмандарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу не бас тарту туралы шешім қабылдау үшін Комиссияның қарауына жолдайды.

14. Комиссия этникалық қазақтардың өтініштері мен құжаттарын алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде оралмандарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізуге одан келісім беру немесе бас тартудың себептерін уәжді түрде негіздей отырып, бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Комиссия этникалық қазақтардың өтініштері мен құжаттарын қараған кезде олардың Заңында белгіленген талаптарға сәйкес келетінін тексереді.

15. Этникалық қазақтарды Қазақстан Республикасының аумағына келгенге дейін оралмандарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізуге келісуден бас тарту үшін негіздеме:

- 1) ұсынған құжаттарда деректердің (мәліметтердің) дәйексіздігін анықтау;
- 2) осы Қағидалардың 4-тармағында көрсетілген ұсынылған құжаттардың толық еместігі фактісі анықтау;
- 3) этникалық қазақтың өтінішінде көрсетілген әкімшілік-аумақтық бірлікте оралмандарды қабылдаудың өңірлік квотасының болмауы болып табылады.

16. Жергілікті атқарушы орган үш жұмыс күнінен кешіктірмей оралмандарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізуге келісу не одан бас тарту туралы шешімді (бұдан әрі – шешім) ақпаратты халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті органға жібереді.

17. Халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті орган шешімді алған күннен бастап бес жұмыс күні Қазақстан Республикасының шет елдегі мекемелеріне өтініш берушіге жеткізу үшін жолдайды.

18. Қазақстан Республикасының шет елдегі мекемелері шешімді алған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде оны өтініш берушіге жолдайды.

19. Оралмандарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізуге келісім беру туралы этникалық қазақтар мен олардың отбасы мүшелері оралман мәртебесін алғанан кейін тұратын жеріне келген кезде жергілікті атқарушы органға не Мемлекеттік

корпорацияға осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішпен жүгінеді.

20. Өтінішке оралмандарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізуге келісім беру туралы бұдан бұрын қабылдаған шешімінің көшірмесі қоса беріледі.

21. Жергілікті атқарушы орган үш жұмыс күнінен кешіктірмей оралмандарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу туралы өтініштерді Комиссияға оралмандарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу туралы шешім қабылдау үшін жолдайды.

22. Комиссия өтінішті алғаннан кейін он жұмыс күні ішінде оралмандарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізуге келісім беру туралы бұдан бұрын қабылданған шешімді ескере отырып, осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша оралмандарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу туралы шешім қабылдайды.

23. Жергілікті атқарушы орган Комиссия шешім қабылдаған күннен бастап күнтізбелік бес күн ішінде өтініш берушіге оралмандарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізілгені туралы шешімді жолдайды.

Оралмандарды  
қабылдаудың өңірлік  
квотасына енгізу  
қағидаларына  
1-қосымша  
Нысан

**Оралмандарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу туралы өтініш**

Мені және менің отбасымның мүшелерін \_\_\_\_\_ /  
облыс

немесе қала, астана/ оралмандарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізуді  
сұраймын

(керегін сызып көрсету). Отбасымның құрамы төмендегідей (қажетілігіне қарай  
толтырылады):

| Р/с<br>№ | Т.А.Ә. (бар<br>болса) | Туыстық<br>дәрежесі | Туған жылы,<br>айы мен күні | Азаматтығы | Ұлты |
|----------|-----------------------|---------------------|-----------------------------|------------|------|
| 1        | 2                     | 3                   | 4                           | 5          | 6    |

Өтініште Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын барлық отбасы  
мүшелері (бар болса):

- 1) зайыбы (жұбайы);
- 2) өтініш берушінің ата-аналары;
- 3) балалары (оның ішінде асырап алған);
- 4) аға-інілері мен апа-сіңлілері (аға-қарындастары) көрсетіледі.

Өтінішке мынадай құжаттарды қоса беремін:

\_\_\_\_\_

/өтініш берушінің қолы/

20 \_\_\_\_ ЖЫЛҒЫ " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

/құжаттарды қабылдаған адамның қолы/

Оралмандарды  
қабылдаудың өңірлік  
квотасына енгізу  
қағидаларына  
2-қосымша  
Нысан

**Комиссияның оралмандарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу (келісім беру) не одан бас тарту туралы ШЕШІМІ**

20 \_\_\_\_ ЖЫЛҒЫ " \_\_\_\_ " \_\_\_\_ № \_\_\_\_

20 \_\_\_\_ ЖЫЛҒЫ " \_\_\_\_ " \_\_\_\_ № \_\_\_\_

(жергілікті атқарушы органның атауы)

Оралмандарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу (келісім беру) жөніндегі  
КОМИССИЯСЫ

"Халықтың көші-қоны туралы" 2011 жылғы 22 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

(өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

оралмандарды қабылаудың өңірлік квотасына енгізу туралы өтінішін қарап, былай деп шешті:

Төраға \_\_\_\_\_

(қолы)

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

М.О. \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау және  
әлеуметтік даму министрінің  
өзгерістер мен толықтыру  
енгізілетін кейбір  
бұйрықтарының тізбесіне  
2-қосымша

Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау және  
әлеуметтік даму министрі  
міндетін атқарушының  
2016 жылғы 15 қаңтардағы  
№ 20 бұйрығына  
2-қосымша

## **Қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу қағидалары**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Халықтың көші-қоны туралы" 2011 жылғы 22 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 11-бабының 4-5) тармақшасына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасының азаматтарын қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу тәртібін көздейді.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) қоныс аударушы – Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған өңірлерге қоныс аударатын ішкі көшіп-қонушы;

2) өңірлік комиссия (бұдан әрі – Комиссия) – облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органының жанындағы, жергілікті өкілді органдардың, жұмыс берушілер өкілдерінің, кәсіптік одақтардың және облыстар, республикалық маңызы бар қала және Астана кәсіпкерлер палатасының қатысуымен жұмыспен қамту бағдарламаларын іске асыру мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия;

3) қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасы – Заңның 8-бабының 5) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған өңірлерге тұрақты тұру үшін келетін, Қазақстан Республикасының халықты жұмыспен қамту

туралы заңнамасына сәйкес жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысушыларға көзделген мемлекеттік қолдау шараларымен қамтамасыз етілетін қоныс аударушылардың немесе қоныс аударушылар мен олардың отбасы мүшелерінің шекті саны;

4) жергілікті атқарушы орган – облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) басшылығымен өз құзыреті шегінде тиісті аумақта жергілікті мемлекеттік басқару мен өзін-өзі басқаруды басшылыққа алатын алқалы атқарушы орган;

5) халықты жұмыспен қамту орталығы – жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларын іске асыру, жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғауды және жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің өзге де шараларын ұйымдастыру мақсатында ауданның, облыстық және республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органы құратын заңды тұлға;

6) халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті орган – өз құзыреті шегінде халықтың көші-қоны саласындағы басшылықты, көші-қон процестерін реттеуді, халықтың көші-қоны саласындағы жұмысты үйлестіруді және мемлекеттік саясатты іске асыруды жүзеге асыратын орталық атқарушы орган.

## **2-тарау. Қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу тәртібі**

3. Қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу тұрақты тіркеуден өткен және шыққан өңірінде өтініш беру сәтінде кемінде бір жыл тұрған қоныс аударушы шыққан өңірінің жергілікті атқарушы органына халықты жұмыспен қамту орталығы арқылы берген өтініші негізінде жүзеге асырылады.

4. Қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу туралы өтінішті (бұдан әрі – өтініш) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қоныс аударушы не кәмелет жасқа толған отбасы мүшелерінің бірі (бұдан әрі – қоныс аударушылар) шыққан өңірінің жергілікті атқарушы органдарына береді.

Өтінішке мынадай құжаттар:

1) Қазақстан Республикасы азаматының және онымен бірге көшетін отбасы мүшелерінің жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмелері;

2) неке немесе некені бұзу туралы куәліктің (бар болса) көшірмелері;

3) білімін, біліктілігін және белгілі бір мамандық бойынша жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттардың (бар болса) не еңбек кітапшасының (бар болса) көшірмелері немесе жұмыс орнынан анықтама.

Жұмыспен қамту орталықтары қоныс аударушылардың тұрғылықты жері бойынша тіркелгенін онда және онымен бірге тұратын отбасы мүшелерінің келетін елді мекенде меншік құқығында тиесілі тұрғын үйінің болуын растайтын мәліметтерді "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

5. Халықты жұмыспен қамту орталықтары қоныс аударушылардың өтініштерін осы Қағидалардың 4-тармағында көзделген қоса берілген құжаттармен бірге қабылдаған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде шығу өңірлерінің жергілікті атқарушы органына жолдайды және ол туралы қоныс аударушыларды (еркін нысанда) хабардар етеді.

6. Шығу өңірінің жергілікті атқарушы органы қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізуге өтініш білдірген қоныс аударушылардың еңбек етуге қабілетті отбасы мүшелерін қоса алғанда, отбасылар санын, құрамын, біліктілігін көрсете отырып, олардың тізімдерін қалыптастырады және оларды ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың соңғы күнінен кешіктірмей қоныс аударушыларды қабылдау өңірлерінің жергілікті атқарушы органдарына жолдайды.

7. Қоныс аударушыларды қабылдау өңірінің жергілікті атқарушы органы қоныс аударушылардың тізімі түскен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде оларды қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу не одан бас тарту туралы ұсынымдар шығару үшін өңірлік комиссияның қарауына жолдайды.

8. Комиссия өтініш білдіруші қоныс аударушылардың тізімін алғаннан кейін он жұмыс күні ішінде оларды қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу не одан бас тарту себептерін уәжді түрде негіздей отырып, шешім қабылдайды.

Комиссия этникалық қазақтардың өтініштері мен құжаттарын қараған кезде олардың "Халықтың көші-қоны туралы" 2016 жылғы 16 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген талаптарға сәйкес келетінін тексереді.

9. Қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізуден бас тарту үшін негіздеме:

- 1) ұсынған құжаттарда деректердің (мәліметтердің) дәйексіздігін анықтау;
- 2) осы Қағидалардың 4-тармағында көрсетілген ұсынылған құжаттардың толық еместігі фактісі анықтау;
- 3) бөлінген қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасының мөлшерінен асып кетуі болып табылады.

10. Қоныс аударушыларды қабылдау өңірінің жергілікті атқарушы органы өңірлік комиссияның ұсынымы негізінде өңірлік комиссияның ұсынысы келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде осы Қағидаға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу не одан бас тарту туралы шешім қабылдайды.

11. Қоныс аударушыларды қабылдау өңірінің жергілікті атқарушы органы шешім қабылдағаннан кейін үш жұмыс күні ішінде шығу өңірінің жергілікті атқарушы органына қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу туралы шешімін көшірмесін жолдайды.

12. Қоныс аударушылардың шыққан өңірінің жергілікті атқарушы органы шешімнің көшірмесін алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде қабылданған шешімдердің көшірмелерін халықты жұмыспен қамту орталықтарына жолдайды.

13. Халықты жұмыспен қамту орталықтары өтініш берушілерді хабардар етеді және қоныс аударушыларды қабылдау өңірінің жергілікті атқарушы органдарымен қабыдаған шешімдерінің көшірмелерімен қамтамсыз етеді.

14. Шыққан өңірлерінен қоныс аударушыларды қабылдау өңірлеріне өз бетінше келген және сонда бір жылдан артық тұрмаған қоныс аударушылар осы Қағидалардың 4-тармағында көрсетілген құжаттарды қоса бере отырып, осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш береді..

15. Қоныс аударушыларды қабылдау өңірінің жергілікті атқарушы органына осы қағидалардың 14-тармағында көзделген қоныс аударушылар жүгінген кезде оларды қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу не одан бас тарту туралы шешім осы Қағидалардың 7, 8, 9 және 10-тармақтарында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

Қоныс аударушыларды  
қабылдаудың  
өңірлік квотасына енгізу  
қағидаларына  
1-қосымша  
Нысан

---

ауданының (қаласының)  
Халықты жұмыспен қамту  
орталығының директорына  
кімнен \_\_\_\_\_  
тегі, аты, әкесінің аты  
(бар болса)

**Қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу туралы өтініш**

Мені және менің отбасымның мүшелерін қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізуді сұраймын.

Отбасымның құрамы төмендегідей:

| Р/с<br>№ | Т.А.Ә. (бар болса) | Туыстық дәрежесі | Туған жылы, айы<br>мен күні | Азаматтығы |
|----------|--------------------|------------------|-----------------------------|------------|
|----------|--------------------|------------------|-----------------------------|------------|

Өтінішке мынадай құжаттарды қоса беремін:

- 1) \_\_\_\_\_
- 
- 2) \_\_\_\_\_
- 
- 3) \_\_\_\_\_
- 
- 4) \_\_\_\_\_
-

5) \_\_\_\_\_

6) \_\_\_\_\_

7) \_\_\_\_\_

Жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің көзделген белсенді шараларын алу үшін қажетті менің дербес деректерімді жинауға және өңдеуге келісім беремін.

Барлығы \_\_\_\_\_ құжат \_\_\_\_\_ парақта.

Көшу шарттарымен таныстым.

Күні \_\_\_\_\_ қолы \_\_\_\_\_

(кесу сызығы)

Өтініш

20 \_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ қабыданды, № \_\_\_\_\_ болып тіркелді.

Құжатты қабылдаған адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы және қолы:

Күні \_\_\_\_\_

қолы \_\_\_\_\_

Қоныс аударушыларды  
қабылдаудың  
өңірлік квотасына енгізу  
қағидаларына  
2-қосымша  
Нысан

**Қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу туралы шешім**

20 \_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_

(жергілікті атқарушы органның атауы)

"Халықтың көші-қоны туралы" 2011 жылғы 22 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына

сәйкес \_\_\_\_\_

(өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу туралы өтінішін  
қарап, былай  
деп шешті:

Басшы \_\_\_\_\_

(қолы)

(Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

М.О. \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау және  
әлеуметтік даму министрінің  
өзгерістер мен толықтыру  
енгізілетін кейбір  
бұйрықтарының тізбесіне  
3-қосымша

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және  
халықты әлеуметтік қорғау министрінің 22.06.2023 № 236 (алғаш ресми жарияланған  
күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау және  
әлеуметтік даму министрінің  
өзгерістер мен толықтыру  
енгізілетін кейбір  
бұйрықтарының тізбесіне  
4-қосымша

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және  
халықты әлеуметтік қорғау министрінің 22.06.2023 № 236 (алғаш ресми жарияланған  
күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау және  
әлеуметтік даму министрінің  
өзгерістер мен толықтыру  
енгізілетін кейбір  
бұйрықтарының тізбесіне  
5-қосымша

Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау және  
әлеуметтік даму министрінің  
2016 жылғы 14 маусымдағы  
№ 515 бұйрығымен бекітілген

## **Жұмыс күшінің ұтқырлығын арттыру үшін адамдардың ерікті түрде қоныс аудару қағидалары**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Жұмыс күшінің ұтқырлығын арттыру үшін адамдардың ерікті түрде қоныс аудару қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Халықты жұмыспен қамту туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес әзірленді.

2. Қағидалар жұмыс күшінің ұтқырлығын арттыру үшін адамдардың ерікті түрде қоныс аудару тәртібін айқындайды.

3. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) аудандық (қалалық) комиссия – ауданның (қаланың) жергілікті атқарушы органы жанындағы Бағдарламаны іске асыру мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия;

2) әлеуметтік келісімшарт – жұмыссыздар, өзін-өзі жұмыспен қамтығандар қатарындағы Қазақстан Республикасының азаматы не оралман, сондай-ақ Заңда көзделген жағдайларда өзге адамдар мен халықты жұмыспен қамту орталығы арасындағы, ал Заңда көзделген жағдайларда, жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларын ұйымдастыруға тартылған жеке және заңды тұлғалармен тараптардың құқықтары мен міндеттерін айқындайтын жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысу, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек көрсету туралы келісім;

3) Бағдарламаға қатысушылар – жұмыс іздеп жүрген, жұмыссыз, өзін-өзі жұмыспен қамтыған адамдар қатарындағы Қазақстан Республикасының азаматтары, сондай-ақ жиырма тоғыз жасқа дейінгі жастар, Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған өңірлерге келген және оралмандар мен қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізілген, тұрақты тұру үшін келген оралмандар мен қоныс аударушылар және қатысу басымдығы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 29 желтоқсандағы № 919 қаулысымен бекітілген "Еңбек" нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 ж.ж. арналған бағдарламасымен (бұдан әрі - Бағдарлама) белгіленген азаматтардың өзге де санаттары;

4) бос орын – жұмыс берушідегі бос жұмыс орны (лауазым);

5) "Еңбек биржасы" мемлекеттік интернет-ресурсы – еңбек нарығының бірыңғай ақпараттық базасын қамтитын, Интернет желісінде жұмыс істейтін, халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің мемлекеттік шараларын көрсету мақсатында еңбек ресурстарын дамыту орталығы қолдап отыратын электрондық ақпараттық ресурс;

6) әлеуметтік еңбек саласының бірыңғай ақпараттық жүйесі – халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органның, халықты жұмыспен қамтудың жергілікті органдарының, халықты жұмыспен қамту орталықтарының, еңбек ресурстарын дамыту орталығының қызметін автоматтандыруға және әлеуметтік-еңбек

саласында халыққа мемлекеттік қызметтер көрсетуді ұсыну мақсатында ведомствоаралық өзара іс-қимылға арналған аппараттық-бағдарламалық кешен (бұдан әрі - "Еңбек нарығы" ААЖ);

7) жалдауға беруші (жалға беруші) – тұрғынжайды жалдау шартындағы тұрғынжайдың меншік иесі немесе тұрғын үйді жалдауға беруге меншік иесі уәкілеттік берген адам болып табылатын тарап;

8) жалға берілетін үй – жеке және (немесе) заңды тұлғаға меншік құқығымен тиесілі, жалдауға беруге арналған тұрғын үй (тұрғын ғимарат), тұрғын үй-жайлар (пәтерлер);

9) жалдаушы (жалға алушы) – тұрғынжайды жалдау шартындағы тұрғынжайды немесе оның бір бөлігін тұрақты немесе уақытша иеленуге және пайдалануға алушы тарап;

10) жергілікті атқарушы орган (әкімдік) – облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) басшылығымен өз құзыреті шегінде тиісті аумақта жергілікті мемлекеттік басқару мен өзін-өзі басқаруды басшылыққа алатын алқалы атқарушы орган;

11) жұмыс күші – жұмыспен қамтылған және жұмыссыз халық;

12) жұмыссыздар – жұмыспен қамтылған халыққа жатпайтын, жұмыс іздеп жүрген және еңбек етуге дайын адамдар;

13) коммуналдық қызметтер – тұрғын үйде (тұрғын ғимаратта) көрсетілетін және сумен жабдықтауды, кәрізді, газбен жабдықтауды, электрмен жабдықтауды, жылумен жабдықтауды, қоқысты әкету мен лифт қызметін көрсетуді қамтитын қызметтер;

14) қоныс аударушы – Республикасының Үкіметі айқындаған өңірлерге қоныс аударатын ішкі көшіп-қонушы;

15) қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасы – "Халықтың көші-қоны туралы" Қазақстан Республикасы 2011 жылғы 22 шілдедегі Заңына сәйкес (бұдан әрі – халықтың көші-қоны туралы Заңы) Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған өңірлерге тұрақты тұру үшін келетін, Қазақстан Республикасының халықты жұмыспен қамту туралы заңнамасына сәйкес жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысушыларға көзделген мемлекеттік қолдау шараларымен қамтамасыз етілетін қоныс аударушылардың немесе қоныс аударушылар мен олардың отбасы мүшелерінің шекті саны;

16) тұрғын үйді жалға алу (жалдау) – тұрғын үйді немесе оның бір бөлігін жалға берушіге (жалға алушыға) тұрақты немесе уақытша иелену және ақыға пайдалану үшін беру;

17) қызметтік тұрғын үй – мемлекеттік мекеменің тұрғын үй қорынан берілетін және өздерінің еңбек қатынастарының сипатына байланысты міндеттерін орындау кезеңінде, оның ішінде мемлекеттік қызметшілердің ротациясын жүзеге асырған кезде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының халықты жұмыспен қамту туралы заңнамасына сәйкес жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысатын Қазақстан

Республикасының азаматтарын қоныстандыруға арналған айрықша құқықтық режимі бар тұрғын үй;

18) оралмандарды қабылдаудың өңірлік квотасы – халықтың көші-қоны туралы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған өңірлерге тұрақты тұру үшін келетін, Қазақстан Республикасының халықты жұмыспен қамту туралы заңнамасына сәйкес жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысушыларға көзделген мемлекеттік қолдау шараларымен қамтамасыз етілетін оралмандардың немесе оралмандар мен олардың отбасы мүшелерінің шекті саны;

19) өзін-өзі жұмыспен қамтығандар – табыс алу үшін тауарлар өндірумен (өткізумен), жұмыстар мен қызметтер көрсетумен жеке айналысатындар, өндірістік кооперативтер мүшелері, отбасылық кәсіпорындардың (шаруашылықтардың) және жалдамалы жұмыскерлердің еңбегін пайдаланушы жұмыс берушілердің еңбекақы төленбейтін жұмыскерлері қатарындағы жеке тұлғалар;

20) өңірлік даму мәселелері жөніндегі уәкілетті орган – өңірлік даму саласында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік атқарушы орган;

21) өңірлік комиссия (бұдан әрі – Комиссия) – облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органының жанындағы, жергілікті өкілді органдардың, жұмыс берушілер өкілдерінің, кәсіптік одақтардың және облыстар, республикалық маңызы бар қала және астана кәсіпкерлер палатасының қатысуымен жұмыспен қамту бағдарламаларын іске асыру мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия;

22) өңіраралық қоныс аудару – жұмыс күші артық облыстардан (бұдан әрі – шығу өңірлері) жұмыс күші жетіспейтін облыстарға (бұдан әрі – қабылдаушы өңірлер) қоныс аудару;

23) облыс ішінде қоныс аудару – мемлекеттік тұрғын үй қорынан және/немесе жұмыс берушілердің қаражаты есебінен тұрғын үймен қамтамасыз ету және тұрақты жұмыс орнына жұмысқа орналасу мүмкіндігі болған кезде экономикалық даму әлеуеті төмен ауылдардан облыстық (аудандық) маңызы бар қалаларға, экономикалық өсу орталықтарына қоныс аудару;

24) халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шаралары – жұмыссыздар, өзін-өзі жұмыспен қамтығандар қатарындағы Қазақстан Республикасының азаматтарын және оралмандарды, сондай-ақ осы Қағидаларда көзделген жағдайларда өзге адамдарды халықты жұмыспен қамту туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылатын жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғау және халықты жұмыспен қамту, мемлекеттік қолдау шаралары;

25) халықты жұмыспен қамту орталығы – жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларын іске асыру, жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғауды және жұмыспен

қамтуға жәрдемдесудің өзге де шараларын ұйымдастыру мақсатында ауданның, облыстық және республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органы құратын заңды тұлға;

26) халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті орган – өңірлік еңбек нарығындағы ахуалға негіздей отырып, халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің бағыттарын айқындайтын ауданның, облыстық маңызы бар қалалардың, облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының құрылымдық бөлімшесі;

27) халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті орган – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес халықты жұмыспен қамту саласындағы басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган.

4. Жұмыс күшінің ұтқырлығын арттыру үшін адамдардың ерікті түрде қоныс аударуы 2 бағытта жүзеге асырылады: өңіраралық және облыс ішіндегі қоныс аудару.

5. Өңіраралық қоныс аудару үшін қабылдау өңірлерінің халықты жұмыспен қамту орталықтары жыл сайын 1 ақпанға дейін қоныс аудару алдағы жылға мыналар:

1) жұмыс берушілердің еңбек ресурстарына қажеттілігі;

2) кәсіптер бөлінісінде жұмыс берушілердің жұмыс күшіне сұранысын қанағаттандыру үшін қосымша еңбек ресурстарын тарту қажеттілігін анықтап, үш жұмыс күні ішінде халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті органға ол туралы ақпарат жібереді.

6. Қабылдау өңірінің халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы органы халықты жұмыспен қамту орталығының ақпараты негізінде шығу өңірлерінен кәсіптер бөлінісінде қосымша еңбек ресурстарын тарту жөніндегі ұсыныстарды қарайды және өңірлік комиссияға жолдайды.

7. Қоныстандыру өңірлерінің өңірлік комиссиясы шығу өңірлерінен қосымша еңбек ресурстары тартылатын Кәсіптер тізбесін (бұдан әрі – Тізбе), мамандарға қойылатын талаптарды, жұмыс жағдайларын бекітеді.

Тізбеге мемлекеттік және үкіметтік бағдарламалар шеңберінде іске асырылатын жобаларға тарту үшін білікті жұмыскерлердің кәсіптері қосылады.

8. Оралмандар мен қоныс аударушыларды Қабылдау өңірлерінің халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы органдары қоныс аударушылар мен оралмандарды қабылдау мүмкіндігі туралы ақпаратты халықты жұмыспен қамту мәселелер жөніндегі уәкілетті органға ұсынады.

9. Жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті орган ақпараттық ресурсында орналастыру арқылы осы ақпаратқа басқа өңірлердің жергілікті атқарушы органдарының қолжетімділігін қамтамасыз етеді.

10. Шығу және қабылдау өңірлерінің шығу өңірлерінде бос жұмыс орындары жәрмеңкелерін ұйымдастыру, қоныс аударушылардың қажетті саны, еңбек нарығындағы жағдай, жұмыс күшіне сұраныс пен ұсыныс, әлеуметтік

инфрақұрылыммен қамтамасыз ету жағдайлары туралы ақпарат ұсыну және қабылдау өңірлеріне танысу үшін баруды ұйымдастыру жолымен өңіраралық ерікті қоныс аудару бойынша өзара іс-қимылды қамтамасыз етеді.

11. Қабылдау өңірлерінің халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы органы оралмандар мен қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасы бекітілген күннен бастап он жұмыс күні ішінде бекітілген Тізбені және қабылдау шарттары туралы ақпаратты шығу өңірлерінің халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы органдарына жібереді.

12. Шығу өңірлерінің халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы органдары қабылдау өңірінен бекітілген Тізбені алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде өздерінің интернет-ресурстарында қабылдау өңірлері мен қабылдау шарттары туралы ақпаратты орналастыру үшін оны халықты жұмыспен қамту орталықтарына жібереді.

13. Халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы органдар азаматтардың ерікті түрде қоныс аударуын ұйымдастыру үшін облыс шегінде ауылдар мен облыстық (аудандық) маңызы бар қалалар тізбесінің жобасын облыс ішіндегі қоныс аудару үшін өңірлік комиссияның қарауына енгізеді.

14. Өңірлік комиссия жыл сайын, 15 қаңтарға қарай азаматтардың ерікті түрде қоныс аударуын ұйымдастыру үшін облыс шегінде ауылдар мен облыстық (аудандық) маңызы бар қалалардың тізбесін бекітеді және тізбені халықты жұмыспен қамту орталықтарына/ауылдық округтердің әкімдеріне жібереді.

15. Халықты жұмыспен қамту орталықтары/ауылдық округтердің әкімдері ауылдардың және облыстық (аудандық) маңызы бар қалалардың бекітілген тізбесіне сәйкес халық арасында облыс ішінде қоныс аудару мүмкіндіктері туралы ақпараттық жұмыс жүргізеді.

## **2-тарау. Жұмыс күшінің ұтқырлығын арттыру үшін адамдардың ерікті түрде қоныс аударуын ұйымдастыру тәртібі**

### **1-параграф. Өңіраралық қоныс аудару тәртібі**

16. Ерікті өңіраралық қоныс аударуға қатысушылар оралмандармен қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізілген адамдар мен және олардың отбасы болып табылады.

17. Халықты жұмыспен қамту орталығы ерікті өңіраралық қоныс аударуға мынадай санаттағы адамдарға:

- 1) жұмыс іздеп жүрген адамдарға;
- 2) жұмыссыздарға;
- 3) өзін-өзі жұмыспен қамтығандарға адамдарға және олардың отбасы мүшелеріне жәрдем көрсетеді.

18. Жұмысқа орналасу үшін жаңа тұрғылықты жерге ерікті түрде қонысаудару үшін жұмыс іздеп жүрген адамдар мен жұмыссыздар арасында:

1) балалар ауылының тәрбиеленушілері және балалар үйлерінің, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған он алты жастан жиырма үш жасқа дейінгі балаларға арналған мектеп-интернаттардың түлектері;

2) халықтың көші-қоны туралы Заңның 8-бабының 5) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын өңірлерге қоныс аударатын оралмандар;

3) орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының түлектері;

4) жұмыс беруші – заңды тұлғаның таратылуына не жұмыс беруші – жеке тұлға қызметінің тоқтатылуына, жұмыскерлер санының немесе штатының қысқаруына, жұмыс берушінің экономикалық жағдайының нашарлауына әкеп соққан өндірістердің және орындалатын жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер көлемінің төмендеуіне байланысты жұмыстан босатылған адамдар басым пайдаланады.

19. Шығу өңірлерінің жұмыспен қамту орталықтары ерікті өңіраралық қоныс аударуға ниет білдірген үміткерлерге Бағдарламаға қатысу және мемлекеттік қолдау шараларын көрсету тәртібі мен шарттары туралы консультация береді.

20. Оралмандар мен қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізілген үміткерлер мен олардың отбасы мүшелері ерікті өңіраралық қоныс аударуға қатысу үшін "Оралмандар мен қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрі міндетін атқарушының 2016 жылғы 15 қаңтардағы № 20 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13334 болып тіркелген) бекітілген тіртіппен қабылданған шешімнің негізінде қабылдау өңірінің жұмыспен қамту орталығына жүгінеді және осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өздерін Бағдарламаға қатысушылардың құрамына қосу туралы өтініш береді

21. Халықты жұмыспен қамту орталығы шешімнің негізінде үміткерлерді Бағдарламаға қатысушылардың қатарына енгізіп, осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша олармен Жұмыс күшінің ұтқырлығын арттыру үшін ерікті түрде қоныс аударуға жәрдемдесу бойынша мемлекеттік қолдау көрсету туралы әлеуметтік келісімшарты жасасады.

## **2-параграф. Облыс ішіндегі қоныс аударуды ұйымдастыру тәртібі**

22. Облыс ішінде ерікті түрде қоныс аударуға қатысушылар Қазақстан Республикасының азаматтары қатарындағы жұмыссыздар және өзін-өзі нәтижесіз жұмыспен қамтығандар болып табылады.

23. Жұмысқа орналасу үшін жаңа тұрғылықты жерге қоныс аударуға жұмыс іздеп жүрген адамдар және жұмыссыздар арасында:

1) балалар ауылының тәрбиеленушілері және балалар үйлерінің, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған он алты жастан жиырма үш жасқа дейінгі балаларға арналған мектеп-интернаттардың түлектері;

2) Халықтың көші-қоны туралы заңның 8-бабының 5) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын өңірлерге қоныс аударатын оралмандар;

3) орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының түлектері;

4) жұмыс беруші – заңды тұлғаның таратылуына не жұмыс беруші – жеке тұлға қызметінің тоқтатылуына, жұмыскерлер санының немесе штатының қысқаруына, жұмыс берушінің экономикалық жағдайының нашарлауына әкеп соққан өндірістердің және орындалатын жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер көлемінің төмендеуіне байланысты жұмыстан босатылған адамдар басым пайдаланады.

24. Бір облыс шегінде қоныс аударуды жоспарлап отырған Бағдарламаға қатысқысы келетін үміткерлер тұрғылықты жеріндегі халықты жұмыспен қамту орталықтарына/ ауылдық округтер әкімдеріне жүгінеді.

25. Халықты жұмыспен қамту орталықтары не ауылдық округтердің әкімдері үміткерлерге облыс ішіндегі ерікті қоныс аударуға қатысу тәртібі мен шарттары және көрсетілетін мемлекеттік қолдау шаралары туралы консультация береді.

26. Үміткерлер келісім берген жағдайда халықты жұмыспен қамту орталығына осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша және құжаттарды қоса бере отырып өтініш береді.

27. Өтінішке мынадай құжаттар:

1) Қазақстан Республикасы азаматының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

2) еңбек кітапшасының көшірмесі (бар болса) қоса беріледі.

28. Халықты жұмыспен қамту орталықтары бес жұмыс күні ішінде басқа ауданға көшкісі келетіндердің Бағдарламаға қатысушылардың құрамына қосу туралы өтінішті халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті органға ерін аудан ішінде көшкісі келетіндердікін аудандық (қалалық) комиссияның қарауына жібереді.

29. Облыстың халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті органы облыс шегінде облыстық (аудандық) маңызы бар қалаға көшкісі келетін адамдардың өтініштері мен құжаттары келіп түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оларды өңірлік комиссияның қарауына жібереді.

30. Өңірлік және аудандық (қалалық) комиссиялар өтініш берген адамдардың құжаттарын қарау қорытындысы бойынша өтініштер келіп түскен күннен бастап бес

жұмыс күні ішінде облыс ішінде көшетін азаматтарға қатысты Бағдарламаға қатысушылар құрамына енгізу не енгізуден бас тарту туралы ұсынымдар әзірлейді.

31. Өңірлік және аудандық (қалалық) комиссиялар өтініштер келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде әзірленген ұсынымдарды халықты жұмыспен қамту орталықтарына жібереді.

32. Өңірлік және аудандық (қалалық) комиссияның отырысы Бағдарламаға қатысуға өтініштер мен осы Қағидаларының 28-тармағымен көзделген құжаттардың келіп түсуіне қарай өткізіледі.

33. Халықты жұмыспен қамту орталықтары ұсынымдарды алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде комиссиялардың ұсынымдары негізінде өтініш берушілерді облыс ішінде қоныс аудару үшін Бағдарламаға қатысушылардың құрамына қосады

34. Халықты жұмыспен қамту орталықтары шешім қабылданған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде облыс ішінде қоныс аударуға қатысатын адамдарға қабылданған шешім туралы еркін нысанда байланыс құралдары арқылы хабарлайды.

35. Халықты жұмыспен қамту орталықтары комиссияның оң қорытынды бар үміткерге осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көшуге жолдама береді.

Үміткерлердің көшуі өздігінен жүзеге асырылады.

36. Халықты жұмыспен қамту орталықтары көшіп келген Бағдарламаға қатысушылармен осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Жұмыс күшінің ұтқырлығын арттыру үшін ерікті түрде қоныс аударуға жәрдемдесу бойынша мемлекеттік қолдау көрсету туралы әлеуметтік келісімшарт жасайды.

### **3-параграф. Көшуге субсидиялар, тұрғын үйді жалдау (жалға алу) және коммуналдық қызметтерге ақы төлеу бойынша шығыстарды өтеуге субсидияларды төлеу тәртібі**

37. Бағдарламаға қатысушыларға жаңа тұрғылықты жерге келгеннен кейін жұмыскердің көшуі жұмыс берушінің есебінен жүзеге асырылатын жағдайларды қоспағанда, Бағдарламада белгіленген мөлшерінде көшуге материалдық көмек көрсетіледі және тұрғын үйді жалдау (жалға алу) және коммуналдық қызметтерге ақы төлеу шығыстары өтеледі.

38. Көшуге субсидияны ұсыну үшін Бағдарламаға қатысушылар халықты жұмыспен қамту орталығына көшуге субсидия беру туралы осы Қағидаларға 3 қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш береді.

39. Тұрғын үйді жалдау (жалға алу) және коммуналдық қызметтерге ақы төлеу бойынша шығыстарды өтеуге субсидиялар беру үшін Бағдарламаға қатысушылар халықты жұмыспен қамту орталығына осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Тұрғын үйді жалдау (жалға алу) және коммуналдық қызметтерге ақы төлеу бойынша шығыстарды өтеуге субсидиялар беру туралы өтініш береді.

40. Бағдарламаға қатысушыға және оның отбасы мүшелеріне (бар болса), оның ішінде жалғызбастыларына тұрғын үйді жалдау (жалға алу) және коммуналдық қызметтерге ақы төлеу бойынша шығыстарды өтеуге материалдық көмек беріледі

41. Бағдарламаға қатысушының келісімімен оның меншігіне тұрғын үй сатып алуы үшін аудандық/қалалық комиссия ұсынымдары негізінде отбасына бір жылға есептелген сома шегінде материалдық көмек сомасын бір рет төлеуге жол беріледі.

42. Отбасына жылына тұрғын үйді жалдау (жалға алу) және коммуналдық қызметтерге ақы төлеу бойынша шығыстарды өтеуге есептелген сома шегінде меншікке тұрғын үйді сатып алу үшін біржолғы төлем алдын ала сату-сатып алу шарты болған кезде жүзеге асырылады.

Бағдарламаға қатысушының және оның отбасы мүшелерінің жаңа тұрғылықты жері бойынша соңғы 6 айдан астам мерзімде меншік құқығында тұрғын үйі не тұрақты пайдалануында коммуналдық тұрғын үй қорынан берілетін тұрғын үйі бар болған жағдайда жаңа тұрғылықты жері бойынша тұрғын үй, қызметтік тұрғын үй не жатақханадан бөлме берілмейді, тұрғын үйді жалдау (жалға алу) және коммуналдық қызметтерге ақы төлеу бойынша шығыстарды өтеуге субсидия төленбейді.

Көшуге субсидиялар, тұрғын үй жалдау (жалға алу) және коммунальдық қызметтер бойынша шығыстарды өтеуге субсидиялар қабылдау өңірінде тұрақты тіркелген сәттен бастап алты айдан кешіктірмей өтініш берген жағдайда беріледі.

43. Егер қабылдау өңірлерінде сатып алынатын тұрғын үйдің құны:

1) біржолғы төлем мөлшерінен төмен болса, сомалар айырмасы Бағдарламаға қатысушыда қалады;

2) біржолғы төлемнің мөлшерінен жоғары болса, құнының айырмасын Бағдарламаға қатысушы өзінің ақшалай қаражаты есебінен өтейді.

44. Халықты жұмыспен қамту орталығы төлемдерді тағайындау туралы шешімді өтініш берген күннен бастап 3 жұмыс күні ішінде қабылдайды.

#### **4-параграф. Мемлекеттік тұрғын үй қорынан қызметтік тұрғын үйлерді, және жатақханалардан бөлмелерді беру және жайластыру тәртібі**

45. Жергілікті атқарушы органдардың тапсырыстары бойынша Бағдарламада айқындалған өңірлерге қоныс аударатын Бағдарламаға қатысушыларға жұмыс беруші жұмыскерге тұрғынжай ұсынған жағдайды қоспағанда, тұрғын үй, қызметтік тұрғын үй және жатақханалардан бөлме беріледі.

46. Мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілетін тұрғын үй немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үй әр адамға кемінде он бес шаршы метр және он сегіз шаршы метрден аспайтын пайдалы алаң көлемінде беріледі.

47. Бағдарламаға қатысушы мен қоныстандыру жерінің халықты жұмыспен қамту орталығы арасында "Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үй немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үй беру және пайдалану

қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 1 желтоқсандағы № 1420 қаулысымен бекітілген нысан бойынша мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйді немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйді жалдау (қосымша жалдау) шарты жасалады.

48. Жатақханадан бөлмелер жиырма тоғыз жасқа дейінгі еңбекші жастарға (оның ішінде балалар үйінің тәрбиеленушілеріне, жетім балаларға және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, кәмелеттік жасқа толғанға дейін ата-анасынан айырылған балаларға) олардың бұрынғы тұрған жеріне, оның ішінде облыс орталықтарында тұрғанына қарамастан беріледі.

49. Жастар, оның ішінде некеде тұрған жастар үшін жатақханалардан бөлмелер мынадай:

1) жасының жиырма тоғызға дейін болуы;

2) қолданыстағы еңбек шартының немесе әлеуметтік келісімшарттың болуы шарттарына сәйкес келгенде беріледі.

Жастарға арналған жатақханадағы бөлмелер бес жылға дейінгі мерзімге беріледі және жекешелендіруге жатпайды.

50. Жастарға арналған жатақханадағы бөлме, тұрғын үй, қызметтік тұрғын үй комиссия қабылдаған тұрғын үй беру туралы шешімнің және халықты жұмыспен қамту орталығы мен Бағдарламаға қатысушы арасында жасалған тұрғын үйді, қызметтік тұрғын үйді және жатақханадағы бөлмені жалдау (қосымша жалдау) туралы шарттың негізінде беріледі.

51. Бағдарламаға қатысушының екі айдан астам қолданыстағы еңбек шарты болмаған жағдайда тұрғын үйді, қызметтік тұрғын үйді, жастарға арналған жатақханадағы бөлмені жалдау (қосымша жалдау) шарты мен онымен жасалған әлеуметтік келісімшарт бұзылады.

52. Егер шарт жасасу туралы ұсыныс жасалған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде Бағдарламаға қатысушы жалдау (қосымша жалдау) шартына қол қоймаса, халықты жұмыспен қамту орталығы жастарға арналған жатақханадан бөлмені, тұрғын үйді, қызметтік тұрғын үйді Бағдарламаның басқа қатысушысына қайта бөледі.

53. Халықты жұмыспен қамту орталығы Бағдарламаға қатысушымен жастарға арналған жатақханадан бөлмені, тұрғын үйді, қызметтік тұрғын үйді жалдау (қосымша жалдау) шартын халықты жұмыспен қамту орталығының (қоныстандыру жерінің) тұрғын үй комиссиясы тиісті шешім қабылдағаннан кейін бес жұмыс күні ішінде жасайды.

54. Бағдарламаға қатысушы жастарға арналған жатақханадан бөлмені, тұрғын үйді, қызметтік тұрғын үйді жалдау (қосымша жалдау) шартының тарапы болады.

55. Жастарға арналған жатақханадан бөлмені, тұрғын үйді, қызметтік тұрғын үйді жалдау (қосымша жалдау) шарты 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан

Республикасының Азаматтық кодексінде (бұдан әрі – Азаматтық кодекс) көзделген тәртіппен екі данада жасалады.

Жастарға арналған жатақханалардан бөлмені, тұрғын үйді, қызметтік тұрғын үйді жалдау (қосымша жалдау) шартының бір данасы халықты жұмыспен қамту орталығында сақталады, екіншісі өтініш берушіге беріледі және жастарға арналған жатақханадан бөлмеге, тұрғын үйге, қызметтік тұрғын үйге қоныстануға құқық беретін жалғыз құжат болып табылады.

56. Жалдау (қосымша жалдау) шарты күнтізбелік бір жыл мерзімге жасалады және тараптардың біреуі шарт аяқталғанға дейін күнтізбелік бір ай қалғанда жалдау (қосымша жалдау) шартының талаптарына сәйкес хабарлама (еркін нысанда) жіберген жағдайларды қоспағанда, жыл сайын (жатақханадағы бөлмені жалға алудың бесжылдық мерзімі аяқталғанға дейін) автоматты түрде ұзартылады.

57. Бағдарламаға қатысушылар қызметтік тұрғын үйлерді "Тұрғын үй қатынастары туралы" 1997 жылғы 16 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 109-бабы 2-тармағының үшінші бөлігіне сәйкес жекешелендіреді.

58. Қоныс аударған Бағдарламаға қатысушы қайтыс болған жағдайда бұрын жасалған жалдау (қосымша жалдау) шарты қалалық (аудандық) комиссияның келісімімен тұрғын үй комиссиясының шешімі бойынша жалға алушы отбасының кәмелетке толған мүшесімен ұзартылады.

59. Отбасының кәмелетке толған мүшесі болмаған жағдайда жалдау (қосымша жалдау) шарты қалалық (аудандық) комиссияның келісімімен отбасының кәмелетке толмаған мүшесінің заңды өкілдерімен жасалады.

60. Жалға алушының ауысуы тұрғын үйді жалдау (қосымша жалдау) шартын қайта ресімдеуге алып келеді.

61. Бағдарламаға қатысушыларға жастарға арналған жатақханадан бөлме, тұрғын үй, қызметтік тұрғын үй бір рет қана мүмкіндік беріледі.

62. Төтенше жағдайлардың немесе күшпен еңсеруге келмейтін (форс-мажор) өрт, жер сілкіну, су тасқыны сияқты жағдайлардың нәтижесінде жастарға арналған жатақхана, тұрғын үй, қызметтік тұрғын үй апаттық, авариялық, тұру үшін жарамсыз болып танылған жағдайда Бағдарламаға қатысушыға бос тұрғын үй болған кезде соған теңестірілген басқа тұрғын үй беріледі.

63. Жастарға арналған жатақханадан бөлмені, тұрғын үйді, қызметтік тұрғын үйді жалға алудың ай сайынғы төлемінің мөлшерін (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7232 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі төрағасының 2011 жылғы 26 тамыздағы № 306 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйді пайдаланғаны үшін төлем мөлшерін есептеу әдістемесіне сәйкес халықты жұмыспен қамту орталығы айқындайды.

64. Тұрғын үйді бөлудің осы тәртібі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 162 қаулысымен бекітілген "Жұмыспен қамту 2020 жол картасы" бағдарламасы (бұдан әрі – Жол картасы) шеңберінде салынған (сатып алынған) қызметтік тұрғын үйлерге және еңбекші жастарға арналған жатақханаларға, сондай-ақ жергілікті бюджет есебінен салынған және (немесе) сатып алынған тұрғын үйлер мен жатақханаларға қолданылады.

Жол картасы шеңберінде салынған (сатып алынған) қызметтік тұрғын үйлер мен жатақхана Халықты жұмыспен қамту орталықтарының теңгерімінен аудандардың (қалалардың) жергілікті атқарушы органдарының коммуналдық меншігіне беріледі.

#### **5-параграф. Өңіраралық қоныс аударуға жәрдем көрсететін жұмыс берушіге қолдау шараларын ұсыну тәртібі**

65. Өңіраралық қоныс аударуға жұмыс берушілердің жәрдем көрсетуі үшін Халықты жұмыспен қамту орталықтары жұмыс берушілерге ерікті өңіраралық қоныс аудару шеңберінде мемлекеттік қолдау шараларын көрсету тәртібі мен шарттары туралы консультация береді.

66. Ерікті өңіраралық қоныс аударуға Бағдарламаға қатысқысы келетін жұмыс берушілер қабылдау өңірінің халықты жұмыспен қамту орталықтарына Бағдарламаға қатысушылардың қатарына қосу және субсидия төлеу туралы осы Қағидаларға 5-қосымша сәйкес нысан бойынша өтінішті мынадай құжаттармен:

1) өңірлік комиссияның оралмандар мен қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу туралы шешімінің көшірмесімен;

2) жұмыс берушінің жұмысқа қабылдау туралы актісінің көшірмесімен не жұмыскермен жасалған, осындай әрбір жұмыскер үшін жұмыс берушінің қолымен және мөрімен (бар болса) расталған еңбек шартының көшірмесімен (шыққан өңірінен өз бетінше қоныс аударғанды жұмысқа орналастырған, бірақ қоныс аударған сәтінен бастап үш айдан кешіктірмей жұмысқа орналастырған жағдайда) қоса береді.

67. Халықты жұмыспен қамту орталығы мынадай:

өтінім белгіленген нысанға сәйкес келген, ұсынылған құжаттар толық, өтінімде және құжаттарда көрсетілген мәліметтер толық болған жағдайда –өтінімді қабылдайды;

өтінім белгіленген нысанға сәйкес келмеген, ұсынылған құжаттар толық болмаған және (немесе) өтінімде және құжаттарда көрсетілген мәліметтер толық болмаған жағдайда – үміткерге өтінімді және оған қоса берілген құжаттарды қайтарады.

68. Халықты жұмыспен қамту орталығы өтінішті қабылдаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жұмыс берушіні Бағдарламаға қатысушылардың құрамына енгізу туралы не бас тартудың дәлелді негіздемесімен одан бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Жұмыс берушіні Бағдарлама қатысушылардың құрамына енгізуден бас тарту үшін жұмыс берушіде жалақы төлеу бойынша сондай-ақ есептелген салықтар, алымдар және

бюджетке төленетін өзге де міндетті төлемдер бойынша үш аудан асқан берешектің болуы негіз болып табылады.

69. Халықты жұмыспен қамту орталығы, қатысушы және жұмыс беруші арасында осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес жұмыс күшінің ұтқырлығын арттыру үшін ерікті түрде қоныс аударуға жәрдемдесу бойынша мемлекеттік қолдау көрсету туралы үшжақты әлеуметтік келісімшарт жасалады.

70. Өңіраралық қоныс аударуға жәрдем көрсетіп жатқан жұмыс берушіге Бағдарламада белгіленген мөшелшерде субсидиялар беріледі.

71. Халықты жұмыспен қамту орталығы әлеуметтік келісімшарт жасасқан күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жұмыс берушіге субсидиялар тағайындау туралы шешім қабылдайды.

Өңіраралық қоныс аударуға жәрдем көрсететін жұмыс берушілерге субсидия беру Халықты жұмыспен қамту орталығының шешімі негізінде жүзеге асырылады.

72. Жұмыс берушілерге субсидиялар Бағдарламаға қатысушы мен оның отбасы мүшелері жаңа тұрғылықты жерге келгеннен кейін беріледі.

73. Жұмыс берушіге берілген субсидиялар бұрын алған салық, алым және өзгеде міндетті төлемдер бойынша, жалақы, кредиттер, займдар бойынша берешекті өтеуге бағыттамайды.

74. Жұмыс берушілерге төленген және олар мақсатсыз пайдаланған субсидиялар халықты жұмыспен қамту орталығынан субсидияны қайтару туралы талапты алған күннен бастап күнтізбелік 20 күн ішінде бюджетке қайтаруға жатады, қайтарылмаған жағдайда даулар Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен шешіледі.

75. Бағдарламаға қатысушылар және ерікті түрде қоныс аударуды іске асыруға қатысатын жұмыс берушілер туралы мәліметтер "Еңбек нарығы" ААЖ-да орналастырылады.

Жұмыс күшінің ұтқырлығын  
арттыру үшін адамдардың  
ерікті түрде қоныс  
аудару қағидаларына  
1-қосымша  
Нысан

---

ауданының (қаласының)  
халықты жұмыспен қамту  
орталығының директорына  
кімнен

---

(тегі, аты, әкесінің аты  
(бар болса))

**Бағдарламаға қатысушылардың құрамына қосу туралы өтініш**

Мені және менің отбасы мүшелерімді Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы

29 желтоқсандағы № 919 қаулысымен бекітілген "Еңбек" нәтижелі жұмыспен қамтуды және

жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған 6 жұмыс күшінің ұтқырлығын

арттыру үшін адамдардың ерікті түрде қоныс аударуына жәрдемдесу бағыты бойынша

қатысушылар қатарына қосуды сұраймын.

Өтінішке мынадай құжаттарды қоса беремін:

- 1) \_\_\_\_\_  
—;
- 2) \_\_\_\_\_  
—;
- 3) \_\_\_\_\_  
—;
- 4) \_\_\_\_\_  
—;
- 5) \_\_\_\_\_  
—;
- 6) \_\_\_\_\_  
—.

Жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің көзделген белсенді шараларын алуға қажетті менің

дербес деректерімді жинауға және өңдеуге келісім беремін.

Барлығы \_\_\_\_\_ құжат \_\_\_\_\_ парақта.

Көшу шарттарымен таныстым.

Күні

қолы

-----  
(кесу сызығы)

Өтініш 20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ қабылданды, № \_\_\_\_\_ болып тіркелді.

Құжаттарды қабылдаған адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы және

қолы: \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ күні

\_\_\_\_\_ қолы

Жұмыс күшінің ұтқырлығын  
арттыру үшін адамдардың

**Жұмыс күшінің ұтқырлығын арттыру үшін ерікті түрде қоныс аударуға жәрдемдесу бойынша мемлекеттік қолдау көрсету туралы әлеуметтік келісімшарт**

20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (жасалған орны)

Бұдан әрі "Халықты жұмыспен қамту орталығы" деп аталатын

\_\_\_\_\_ атынан \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (Халықты жұмыспен қамту орталығының атауы, бизнес сәйкестендіру нөмірі)

\_\_\_\_\_ (лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

\_\_\_\_\_ бір тараптан және бұдан әрі "Бағдарламаға қатысушы" деп аталатын

\_\_\_\_\_ (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), жеке сәйкестендіру нөмірі, жеке басын

куәландыратын құжаттың сериясы, нөмірі, қашан және кім берген)

\_\_\_\_\_ екінші тараптан төмендегі туралы осы әлеуметтік келісімшартты (бұдан әрі – Келісімшарт) жасады:

**1. Келісімшарттың мәні**

1. Келісімшарт жұмыс күшінің ұтқырлығын арттыру үшін ерікті түрде қоныс аударуға

жәрдемдесу, сондай-ақ мемлекеттік қолдау шараларын көрсету мақсатында жасалды.

2. Келісімшарт тараптары Халықты жұмыспен қамту орталығы және Бағдарламаға қатысушы болады.

Келісімшарт шеңберінде Бағдарламаға қатысушыға мынадай мемлекеттік қолдау шаралары: \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ ұсынылады.

\_\_\_\_\_ (Бағдарламаға қатысушыға көрсетілетін мемлекеттік қолдау шараларын көрсету)

3. Келісімшарт Халықты жұмыспен қамту орталығы директорының 20\_\_ жылғы "\_\_\_

— " \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ бұйрығы негізінде жасалды.

## 2. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

### 4. Халықты жұмыспен қамту орталығының:

1) Бағдарламаға қатысушыдан көшуге субсидия, тұрғын үйді жалдау (жалға алу) және коммуналдық қызметтерге ақы төлеу бойынша шығыстарды өтуге субсидия тағайындау және тұрғын үй, қызметтік тұрғын үй (еңбекші жастарға арналған жатақханалардан бөлмелер) беру үшін өтініш пен құжаттар топтамасын қабылдауға;

2) тұрғын үй комиссиясының Бағдарламаға қатысушыға тұрғын үй, қызметтік тұрғын үй (еңбекші жастарға арналған жатақханалардан бөлмелер) беру туралы шешімін қабылдауға;

3) Бағдарламаға қатысушымен тұрғын үйді, қызметтік тұрғын үйді (еңбекші жастарға арналған жатақханалардан бөлмелерді) жалға беру шартын жасауға;

4) көшуге субсидиялар, тұрғын үйді жалдау (жалға алу) бойынша шығыстарды өтеуге субсидия тағайындау туралы шешім қабылдауға және субсидияларды Бағдарламаға қатысушының дербес шотына аударуды жүзеге асыруға;

5) Бағдарламаға қатысушының тұрғын үйге, қызметтік тұрғын үйге (еңбекші жастарға арналған жатақханалардағы бөлмеге) қоныстануын қамтамасыз етуге;

6) Бағдарламаға қатысушыны жаңа тұрғылықты жері бойынша тіркеуге жәрдемдесуге;

7) Қағидаларда ескертілген жағдайларда Бағдарламаға қатысушы отбасының кәмелеттік жасқа толған басқа мүшелерімен тұрғын үйді жалға алу шартын қайта жасауға құқығы бар.

### 5. Халықты жұмыспен қамту орталығы:

1) Бағдарламаға қатысушының тұрақты жұмыс орнына жұмысқа орналасуына жәрдемдесуге және оны бақылауды жүзеге асыруға;

2) Бағдарламаға қатысушы мен жұмыс берушінің келісімшартты орындауына мониторингті жүзеге асыруға;

3) тараптардың міндеттемелерін орындауына мониторингті жүзеге асыруға қажетті ақпаратты, құжаттарды және материалдарды тараптардан сұратуға және алуға;

4) Бағдарламаға қатысушының көшу тәртібіне, мерзіміне қатысты ақпаратты шыққан жеріндегі Халықты жұмыспен қамту орталығынан сұратуға;

5) Бағдарламаға қатысушы мен жұмыс берушіден Келісімшарт талаптарының уақтылы және тиісінше орындалуын талап етуге;

6) Келісімшарт талаптары орындалмаған және (немесе) тиісінше орындалмаған жағдайда тұрғын үйді, қызметтік тұрғын үйді (еңбекші жастарға арналған жатақханалардан бөлмені) жалға алу шартын бұзуға;

7) жұмысқа орналастырудың жеке картасында Бағдарламаға қатысушының қоныс аударғаннан кейін тұрақты жұмысқа орналасқаны туралы мәліметтерді көрсетуге міндетті.

6. Бағдарламаға қатысушының:

1) Халықты жұмыспен қамту орталығына көшуге субсидиялар, тұрғын үйді жалдау (жалға алу) және коммуналдық қызметтердің ақысын төлеу бойынша шығыстарды өтеуге субсидия тағайындау және тұрғын үй, қызметтік тұрғын үй (еңбекші жастарға арналған жатақханалардан бөлмелер) бөлу үшін өтініш пен қажетті құжаттар топтамасын тапсыруға;

2) шыққан жерінің Халықты жұмыспен қамту орталығынан көшудің тәртібі, мерзімі және қабылдау шарттары туралы, оның ішінде тұрғын үймен, қызметтік тұрғын үймен (еңбекші жастарға арналған жатақханалардан бөлмемен) қамтамасыз ету және тұрақты жұмыс орнына жұмысқа орналастыру мәселелері бойынша ақпарат алуға;

3) Келісімшарт тараптарынан келісімшарттың уақтылы және тиісінше орындалуын талап етуге;

4) келісімшартта көзделген мемлекеттік қолдау шараларын алуға құқығы бар.

7. Бағдарламаға қатысушы:

1) көшуге жолдама алғаннан кейін белгіленген мерзімдерде айқындалған елді мекенге келуге;

2) Халықты жұмыспен қамту орталығымен тұрғын үйді, қызметтік тұрғын үйді (еңбекші жастарға арналған жатақханалардан бөлмелерді) жалға беру шартын жасауға және оған белгіленген мерзімде қоныстануға;

3) жұмысқа орналасқаннан кейін тұрғын үй жинақтау жүйесіне қатысуға;

4) жұмыс беруші ұсынған тұрақты жұмыс орнына жұмысқа орналасуға не кейіннен жұмысқа орналасумен кәсіптік оқытудан өтуге;

5) коммуналдық және жалға алу ақысын уақтылы төлеуге;

6) тараптардың міндеттемелерін орындауына мониторингті жүзеге асыруға қажетті ақпаратты, құжаттар мен материалдарды уақтылы және толық көлемде тараптардың сұратуы бойынша ұсынуға;

7) өзіне көрсетілетін мемлекеттік қолдау шаралары шеңберінде жүктелген міндеттемелерді адал атқаруға;

8) қоныстану жерінен алты ай ішінде кеткен жағдайда (отбасымен) көшуге алған субсидиялардың сомаларын бюджетке өтеуге міндетті.

8. Әлеуметтік келісімшарттың талаптарына сәйкес Бағдарламаға қатысушы (отбасымен бірге) қоныстандырған жерінен он екі ай ішінде кеткен жағдайда, кеткен күнінен бастап көшуге берілетін субсидияның және тұрғын үй жалдау (жалға беруге) және коммуналдық қызметтерге ақы төлеу бойынша шығыстарды өтеуге берілетін субсидияның алынған сомасы республикалық бюджетке өтеледі.

9. Әскери қызметке шақырылған, осы елді мекенде тұруға мүмкіндік бермейтін сырқаттанушылықты, жұмыс берушінің өтінімі бойынша басқа жерге оқуға жіберілген

жағдайларды қоспағанда, Бағдарламаға қатысушының отбасы мүшелерінің бірі қоныстандырған жерінен кеткен жағдайда, кеткен отбасы мүшесі алған көшуге берілетін субсидия сомасы бюджетке қайтарылады.

### **3. Тараптардың жауапкершілігі**

10. Халықты жұмыспен қамту орталығы мен Бағдарламаға қатысушылар осы Келісімшартта көзделген өз міндеттемелерін орындамағаны не тиісінше орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген жауаптылықта болады.

11. Жұмыспен қамту орталығының мен Бағдарламаға қатысушылар осы Келісімшартта көзделмеген жауапкершілік шаралары Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасының нормаларына сәйкес қолданылады.

12. Осы Келісімшарттың қолданылу мерзімінің аяқталуы Жұмыспен қамту орталығын Бағдарламаға қатысушыларды осы мерзімнің аяқталуына дейін болған оны бұзғаны үшін жауапкершіліктен босатпайды.

### **4. Еңсерілмейтін күш жағдаяттары**

13. Халықты жұмыспен қамту орталығы мен Бағдарламаға қатысушы осы Келісімшартқа қол қойылғаннан кейін туындаған өрт, жер сілкінісі, су тасқыны және апатты құбылыстар, әскери әрекеттер сияқты төтенше жағдайларда немесе күшпен еңсеруге келмейтін жағдайларда (форс-мажор) міндеттемелерін толық немесе ішінара орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады.

14. Форс-мажорлық жағдайлар туындаған кезде, осы Келісімшартқа сәйкес қандай да болмасын міндеттемесінің орындалуы осындай жағдайдың туындауына орай мүмкін болмай қалған Халықты жұмыспен қамту орталығы мен Бағдарламаға қатысушы форс-мажорлық жағдай туындаған немесе тоқтатылған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде жазбаша нысанда (осы келісімшарт бойынша өз міндеттемелерінің орындалмауы мүмкіндігін уәждемелеп және негіздеп) хабардар етуге міндеттенеді.

15. Хабардар етпеу немесе уақтылы хабарламау, Халықты жұмыспен қамту орталықты мен Бағдарламаға қатысушыны мұндай хабардар етпеу немесе уақтылы хабарламау тиісті форс-мажорлық жағдайлардан тікелей туындаған жағдайларды қоспағанда, осы Келісімшарт бойынша міндеттемелердің орындалмауы үшін жауапкершіліктен босатушы негіздеме ретінде кез келген форс-мажорлық жағдайға сілтеме жасаудан айырады.

Форс-мажорлық жағдайлардың басталуы немесе тоқтатылуы туралы хабарлама форс-мажорлық жағдайлар жалпыға белгілі және көпшілік сипатта болған әрі дәлелдеуді қажет етпейтін жағдайларды қоспағанда, құжатпен не мұндай жағдайларды растайтын тиісті органның және/немесе мекеменің шешімімен расталуға тиіс.

16. Осы Келісімшарт бойынша міндеттемелердің орындалу мерзімі форс-мажорлық жағдайлар, сондай-ақ осы жағдайлардан туындаған салдар орын алған уақытқа тең болады. Егер форс-мажорлық жағдайлардың туындауына байланысты Халықты жұмыспен қамту орталығының және Бағдарламаға қатысушының осы Келісімшарт бойынша міндеттемелердің толық немесе ішінара орындалмауы \_\_\_\_\_ (кезеңі көрсетілсін) асатын болса, онда осы Келісімшартты бұзуға құқылы.

## 5. Басқа да жағдайлар

17. Келісімшартқа тараптардың келісімі бойынша қосымша әлеуметтік келісімшартқа қол қою арқылы өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

18. Осы Келісімшарт оған Халықты жұмыспен қамту орталығы, Бағдарламаға қатысушы және жұмыс беруші қол қойған сәттен бастап күшіне енеді және 20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ дейін қолданылады.

## 6. Тараптардың мекенжайлары мен деректемелері

|                                                                  |                                                |
|------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------|
| Халықты жұмыспен қамту орталығы                                  |                                                |
| _____<br>(Халықты жұмыспен қамту орталығының толық атауы)        | Бағдарламаға қатысушы                          |
| _____<br>(занды мекенжайы)                                       | _____<br>(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)) |
| _____<br>(телефон, факс)                                         | _____<br>(мекенжайы)                           |
| _____<br>(уәкілетті өкілдің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)) | _____<br>(телефон, факс)                       |
| _____<br>(қолы)                                                  | _____<br>(қолы)                                |
| М.О.                                                             |                                                |

Жұмыс күшінің ұтқырлығын  
арттыру үшін адамдардың  
ерікті түрде қоныс  
аудару қағидаларына  
3-қосымша  
Нысан

## Көшуге субсидия беруге ӨТІНІШ

Кімнен \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_  
(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), жеке сәйкестендіру нөмірі)

Сізден \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_  
(көшу себебі көрсетіледі)

байланысты маған және менің отбасы мүшелеріме, отбасымның мынадай құрамын ескере отырып:

| Р/с<br>№ | Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) | Туыстық қатынасы | Туған жылы |
|----------|-------------------------------------|------------------|------------|
|          |                                     |                  |            |
|          |                                     |                  |            |
|          |                                     |                  |            |
|          |                                     |                  |            |

көшуге субсидия тағайындауды және төлеуді сұраймын.  
Бізге тиесілі көшуге берілетін субсидияның сомасын \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

(банктің атауы, банктің бизнес, жеке сәйкестендіру нөмірі, банктің банктік сәйкестендіру коды, алушының жеке шотының нөмірі көрсетіледі) аударуды сұраймын. Өтінішке екінші деңгейдегі банкте ашқан жеке шотымның нөмірін қоса беремін.  
20 \_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_  
(өтініш берушінің қолы)

Жұмыс күшінің ұтқырлығын  
арттыру үшін адамдардың  
ерікті түрде қоныс  
аудару қағидаларына  
4-қосымша  
Нысан

**Тұрғын үйді жалдау (жалға алу) және коммуналдық қызметтерге ақы төлеу бойынша шығыстарды өтеуге субсидия беруге өтініш**

Кімнен \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), жеке сәйкестендіру нөмірі)  
Сізден \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
(көшу себебі көрсетіледі)

байланысты маған және менің отбасы мүшелеріме, отбасымның мынадай құрамын ескере отырып:

| Р/с<br>№ | Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) | Туыстық қатынасы | Туған жылы |
|----------|-------------------------------------|------------------|------------|
|          |                                     |                  |            |
|          |                                     |                  |            |
|          |                                     |                  |            |
|          |                                     |                  |            |

тұрғын үйді жалдау (жалға алу) және коммуналдық қызметтерге ақы төлеу бойынша шығыстарды өтеуге субсидия тағайындауды және төлеуді сұраймын.  
Бізге тиесілі көшуге берілетін субсидияның сомасын \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
(банктің атауы, банктің бизнес, жеке сәйкестендіру нөмірі, банктің банктік сәйкестендіру

коды, алушының жеке шотының нөмірі көрсетіледі)

аударуды сұраймын.

Өтінішке мынадай құжаттарды қоса беремін:

1) екінші деңгейдегі банкте ашқан жеке шотымның нөмірі;

2) жалға алу шарты немесе сатып алу шарты.

20 \_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_

(өтініш берушінің қолы)

Жұмыс күшінің ұтқырлығын

арттыру үшін адамдардың

ерікті түрде қоныс

аудару қағидаларына

5-қосымша

Нысан

\_\_\_\_ ауданының

(қаласының) Халықты

жұмыспен қамту орталығының

директорына

## Өтінім

Осы арқылы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_  
(жұмыс берушінің атауы)

атынан негізінде әрекет ететін \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_  
(Ереже, жарғы)

\_\_\_\_\_  
(уәкілетті өкілдің лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

және арасында жасалған \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_  
(Халықты жұмыспен қамту орталығының атауы)

\_\_\_\_\_  
(Бағдарламаға қатысушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ әлеуметтік келісімшартқа қосылуға ниет білдіреді.

Мәселе оң шешілген жағдайда төмендегілер туралы:

1) Бағдарламаға қатысушыны жұмысқа орналастыру;

2) Бағдарламаға қатысушының көшу бойынша шығыстарын төлеу, жаңа тұрғылықты

жерде орнығуына жәрдемақы беру, қызметтік тұрғын үй беру немесе жұмыскердің тұрғын

үйді жалдау бойынша шығыстарын өтеу, жұмыскердің тұрғын үй сатып алуға жұмсаған

шығыстарын ішінара өтеу, жұмыскердің мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының қызметтеріне ақы төлеу шығыстарын толықтай немесе ішінара өтеу міндеттемелерін

қабылдайды.

| Р/с<br>№ | Жұмысқа кім<br>ретінде қабылдау<br>жоспарланып отыр | Ай | Айлық жалақының<br>мөлшері, теңге | Субсидияның<br>жоспарлы мөлшері,<br>теңге |
|----------|-----------------------------------------------------|----|-----------------------------------|-------------------------------------------|
| 1        | 2                                                   | 3  | 4                                 | 5                                         |

Қосымша:

1. Көшу, жаңа тұрғылықты жерде орнығуына жәрдемақы беру, қызметтік тұрғын үй беру

немесе жұмыскердің тұрғын үйді жалдау бойынша шығыстарын өтеу, жұмыскердің тұрғын үй

сатып алуға жұмсаған шығыстарын ішінара өтеу, жұмыскердің мектепке дейінгі білім беру

ұйымдарының қызметтеріне ақы төлеу шығыстарын толық немесе ішінара өтеу бойынша

шығыстар сметасы.

Басшы \_\_\_\_\_

Қолы \_\_\_\_\_ күні

М.О. (бар болса)

Жұмыс күшінің ұтқырлығын  
арттыру үшін адамдардың  
ерікті түрде қоныс  
аудару қағидаларына  
6-қосымша  
Нысан

**Жұмыс күшінің ұтқырлығын арттыру үшін ерікті түрде қоныс аударуға жәрдемдесу бойынша мемлекеттік қолдау көрсету туралы әлеуметтік келісімшарт**

20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_

(жасалған орны)

Бұдан әрі "Халықты жұмыспен қамту орталығы" деп аталатын

\_\_\_\_\_ атынан \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_  
(Халықты жұмыспен қамту орталығының атауы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі, лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

бір тараптан және бұдан әрі "Бағдарламаға қатысушы" деп аталатын

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_  
(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), жеке сәйкестендіру нөмірі, жеке басын куәландыратын

құжаттың сериясы, нөмірі, қашан және кім берген)

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_  
(жұмыс берушінің атауы, заңды өкілінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), бизнес сәйкестендіру нөмірі, жұмыс берушінің заңды мекен-жайы) екінші тараптар төмендегі

туралы осы әлеуметтік келісімшартты (бұдан әрі – Келісімшарт) жасады:

## **1. Келісімшарттың мәні**

1. Келісімшарт жұмыс күшінің ұтқырлығын арттыру үшін ерікті түрде қоныс аударуға

жәрдемдесу, сондай-ақ мемлекеттік қолдау шараларын көрсету мақсатында жасалды.

2. Келісімшарт тараптары Халықты жұмыспен қамту орталығы және Бағдарламаға қатысушы, ал Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму

министрінің 2016 жылғы 14 маусымдағы № 515 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық

актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13921 болып тіркелген) бекітілген Жұмыс

күшінің ұтқырлығын арттыру үшін адамдардың ерікті түрде қоныс аудару

қағидаларында (бұдан әрі – Қағидалар) көзделген жағдайларда жұмыс беруші болады.

Келісімшарт шеңберінде Бағдарламаға қатысушыға мынадай мемлекеттік қолдау шаралары: \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

---

ұсынылады.

(Бағдарламаға қатысушыға көрсетілетін мемлекеттік қолдау шараларын көрсету)

3. Келісімшарт Халықты жұмыспен қамту орталығы директорының 20 \_\_ жылғы " \_\_  
—  
\_\_\_\_\_ № \_\_ бұйрығы негізінде жасалды.

## **2. Тараптардың құқықтары мен міндеттері**

### **4. Халықты жұмыспен қамту орталығының:**

1) Бағдарламаға қатысушыдан көшуге субсидия, тұрғын үйді жалдау (жалға алу) және коммуналдық қызметтерге ақы төлеу бойынша шығыстарды өтуге субсидия тағайындау және тұрғын үй, қызметтік тұрғын үй (еңбекші жастарға арналған жатақханалардан бөлмелер) беру үшін өтініш пен құжаттар топтамасын қабылдауға;

2) тұрғын үй комиссиясының Бағдарламаға қатысушыға тұрғын үй, қызметтік тұрғын үй (еңбекші жастарға арналған жатақханалардан бөлмелер) беру туралы шешімін қабылдауға;

3) Бағдарламаға қатысушымен тұрғын үйді, қызметтік тұрғын үйді (еңбекші жастарға арналған жатақханалардан бөлмелерді) жалға беру шартын жасауға;

4) көшуге субсидиялар, тұрғын үйді жалдау (жалға алу) бойынша шығыстарды өтеуге субсидия тағайындау туралы шешім қабылдауға және субсидияларды Бағдарламаға қатысушының дербес шотына аударуды жүзеге асыруға;

5) Бағдарламаға қатысушының тұрғын үйге, қызметтік тұрғын үйге (еңбекші жастарға арналған жатақханалардағы бөлмеге) қоныстануын қамтамасыз етуге;

6) Бағдарламаға қатысушыны жаңа тұрғылықты жері бойынша тіркеуге жәрдемдесуге;

7) Қағидаларда ескертілген жағдайларда Бағдарламаға қатысушы отбасының кәмелеттік жасқа толған басқа мүшелерімен тұрғын үйді жалға алу шартын қайта жасауға құқығы бар.

### **5. Халықты жұмыспен қамту орталығы:**

1) Бағдарламаға қатысушының тұрақты жұмыс орнына жұмысқа орналасуына жәрдемдесуге және оны бақылауды жүзеге асыруға;

2) Бағдарламаға қатысушы мен жұмыс берушінің келісімшартты орындауына мониторингті жүзеге асыруға;

3) тараптардың міндеттемелерін орындауына мониторингті жүзеге асыруға қажетті ақпаратты, құжаттарды және материалдарды тараптардан сұратуға және алуға;

4) Бағдарламаға қатысушының көшу тәртібіне, мерзіміне қатысты ақпаратты шыққан жеріндегі Халықты жұмыспен қамту орталығынан сұратуға;

5) Бағдарламаға қатысушы мен жұмыс берушіден Келісімшарт талаптарының уақтылы және тиісінше орындалуын талап етуге;

6) Келісімшарт талаптары орындалмаған және (немесе) тиісінше орындалмаған жағдайда тұрғын үйді, қызметтік тұрғын үйді (еңбекші жастарға арналған жатақханалардан бөлмені) жалға алу шартын бұзуға;

7) жұмысқа орналастырудың жеке картасында Бағдарламаға қатысушының қоныс аударғаннан кейін тұрақты жұмысқа орналасқаны туралы мәліметтерді көрсетуге міндетті.

#### 6. Бағдарламаға қатысушының:

1) Халықты жұмыспен қамту орталығына көшуге субсидиялар, тұрғын үйді жалдау (жалға алу) және коммуналдық қызметтердің ақысын төлеу бойынша шығыстарды өтеуге субсидия тағайындау және тұрғын үй, қызметтік тұрғын үй (еңбекші жастарға арналған жатақханалардан бөлмелер) бөлу үшін өтініш пен қажетті құжаттар топтамасын тапсыруға;

2) көшудің тәртібі, мерзімі және қабылдау шарттары туралы, оның ішінді тұрғын үймен, қызметтік тұрғын үймен (еңбекші жастарға арналған жатақханалардан бөлмемен) қамтамасыз ету және тұрақты жұмыс орнына жұмысқа орналасу мәселелері бойынша ақпаратты шыққан жерінің Халықты жұмыспен қамту орталығынан алуға;

3) Келісімшарт тараптарынан келісімшарттың уақтылы және тиісінше орындалуын талап етуге;

4) келісімшартта көзделген мемлекеттік қолдау шараларын алуға құқығы бар.

#### 7. Бағдарламаға қатысушы:

1) көшуге жолдама алғаннан кейін белгіленген мерзімдерде айқындалған елді мекенге келуге;

2) Халықты жұмыспен қамту орталығымен тұрғын үйді, қызметтік тұрғын үйді (еңбекші жастарға арналған жатақханалардан бөлмелерді) жалға беру шартын жасауға және оған белгіленген мерзімде қоныстануға;

3) жұмысқа орналасқаннан кейін тұрғын үй жинақтау жүйесіне қатысуға;

4) жұмыс беруші ұсынған тұрақты жұмыс орнына жұмысқа орналасуға не кейіннен жұмысқа орналасумен кәсіптік оқытудан өтуге;

5) коммуналдық және жалға алу ақысын уақтылы төлеуге;

6) тараптардың міндеттемелерін орындауына мониторингті жүзеге асыруға қажетті ақпаратты, құжаттар мен материалдарды уақтылы және толық көлемде тараптардың сұратуы бойынша ұсынуға;

7) өзіне көрсетілетін мемлекеттік қолдау шаралары шеңберінде жүктелген міндеттемелерді адал атқаруға;

8) қоныстану жерінен алты ай ішінде кеткен жағдайда (отбасымен) көшуге алған субсидиялардың сомаларын бюджетке өтеуге міндетті.

#### 8. Жұмыс берушінің:

1) көшудің тәртібі, мерзімі және қабылдау шарттары туралы, оның ішінде тұрғын үймен, қызметтік тұрғын үймен (еңбекші жастарға арналған жатақханалардағы

бөлмемен) қамтамасыз ету және тұрақты жұмыс орнына жұмысқа орналасу мәселелері жөніндегі ақпаратты шығу жеріндегі Халықты жұмыспен қамту орталығынан алуға;

2) Келісімшарт тараптарынан келісімшарттың уақтылы және тиісінше орындалуын талап етуге құқығы бар.

9. Жұмыс беруші:

1) тұрақты жұмыс орнына қабылдаған күннен бастап кемінде күнтізбелік отыз алты ай мерзіміне кемінде бес Бағдарламаға қатысушыны жұмысқа жұмысқа орналастыруға;

2) жұмысқа қабылдау немесе одан бас тарту туралы халықты жұмыспен қамту орталығын Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімдерде хабардар етуге;

3) Бағдарламаға қатысушымен 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (бұдан әрі – Еңбек кодексі) сәйкес еңбек шартын жасауға;

4) 2017 жылғы 25 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Қазақстан Республикасының Кодексіне (бұдан әрі – Салық кодексі), "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" 2013 жылғы 21 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына, "Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы" 2003 жылғы 25 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Бағдарламаға қатысушылар алған табыстарынан жеке табыс салығын және міндетті зейнетақы жарналарын ұстауды және аударуды, сондай-ақ әлеуметтік салық төлеуді және орындалған жұмыстар мен көрсетілген қызметтер үшін Бағдарламаға қатысушыларға төленетін жұмыс берушінің табыс түріндегі төлейтін шығыстарынан әлеуметтік аударымдар аударуды жүргізуге;

5) халықты жұмыспен қамту орталығының сұратуы бойынша Бағдарламаға қатысушыға міндетті зейнетақы аударымдары аударылғанын растайтын құжаттардың көшірмелерін ұсынуға;

6) қажет болған жағдайда Бағдарламаға қатысушыны кейіннен жұмысқа орналастыру үшін кәсіптік оқытуға жіберуге міндетті.

10. Әлеуметтік келісімшарттың талаптарына сәйкес Бағдарламаға қатысушы (отбасымен бірге) қоныстандырған жерінен он екі ай ішінде кеткен жағдайда, кеткен күнінен бастап көшуге берілетін субсидияның және тұрғын үй жалдау (жалға беруге) және коммуналдық қызметтерге ақы төлеу бойынша шығыстарды өтеуге берілетін субсидияның алынған сомасы республикалық бюджетке өтеледі.

11. Әскери қызметке шақырылған, осы елді мекенде тұруға мүмкіндік бермейтін сырқаттанушылықты, жұмыс берушінің өтінімі бойынша басқа жерге оқуға жіберілген жағдайларды қоспағанда, Бағдарламаға қатысушының отбасы мүшелерінің бірі қоныстандырған жерінен кеткен жағдайда, кеткен отбасы мүшесі алған көшуге берілетін субсидия сомасы бюджетке қайтарылады.

### **3. Тараптардың жауапкершілігі**

12. Жұмыспен қамту орталығы, Бағдарламаға қатысушылар және жұмыс берушілер осы Келісімшартта көзделген өз міндеттемелерін орындамағаны не тиісінше орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген жауаптылықта болады.

13. Жұмыс берушілермен Бағдарламаға қатысушыны жұмысқа орналастыру жөніндегі міндеттемені орындамаған жағдайда жұмыс берушілер жұмыскердің көшу бойынша шығыстарын өтеуге жаңа тұрғылықты жерде орнығуға жәрдемақы ұсынуға, жұмыскерге қызметтік тұрғын үй беруге немесе тұрғын үйді жалдау бойынша шығыстарын өтеуге, жұмыскердің тұрғын үй сатып алуға шығыстарын ішінара өтеу, жұмыскердің мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының қызметтеріне ақы төлеу шығыстарын толық немесе ішінара өтеуге мемлекеттің көтерген шығыстарын өтейді.

14. Халықты жұмыспен қамту орталығының мен Бағдарламаға қатысушылармен жұмыс берушілердің осы Келісімшартта көзделмеген жауапкершілік шаралары Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасының нормаларына сәйкес қолданылады.

15. Осы Келісімшарттың қолданылу мерзімінің аяқталуы Жұмыспен қамту орталығын Бағдарламаға қатысушыларды және жұмыс берушілерді осы мерзімнің аяқталуына дейін болған оны бұзғаны үшін жауапкершіліктен босатпайды.

### **4. Еңсерілмейтін күш жағдаяттары**

16. Жұмыспен қамту орталығымен Бағдарламаға қатысушылар және жұмыс берушілер осы Келісімшартқа қол қойылғаннан кейін туындаған өрт, жер сілкінісі, су тасқыны және апатты құбылыстар, әскери әрекеттер сияқты төтенше жағдайларда немесе күшпен еңсеруге келмейтін жағдайларда (форс-мажор) міндеттемелерін толық немесе ішінара орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады.

17. Форс-мажорлық жағдайлар туындаған кезде, осы Келісімшартқа сәйкес қандай да болмасын міндеттемесінің орындалуы осындай жағдайдың туындауына орай мүмкін болмай қалған Жұмыспен қамту орталығы, Бағдарламаға қатысушылар және жұмыс берушілер форс-мажорлық жағдай туындаған немесе тоқтатылған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде жазбаша нысанда (осы келісімшарт бойынша өз міндеттемелерінің орындалмауы мүмкіндігін уәждемелеп және негіздеп) хабардар етуге міндеттенеді.

18. Хабардар етпеу немесе уақтылы хабарламау, Жұмыспен қамту орталығыны Бағдарламаға қатысушыны және жұмыс берушіні мұндай хабардар етпеу немесе уақтылы хабарламау тиісті форс-мажорлық жағдайлардан тікелей туындаған жағдайларды қоспағанда, осы Келісімшарт бойынша міндеттемелердің орындалмауы үшін жауапкершіліктен босатушы негіздеме ретінде кез келген форс-мажорлық жағдайға сілтеме жасаудан айырады.

Форс-мажорлық жағдайлардың басталуы немесе тоқтатылуы туралы хабарлама форс-мажорлық жағдайлар жалпыға белгілі және көпшілік сипатта болған әрі дәлелдеуді қажет етпейтін жағдайларды қоспағанда, құжатпен не мұндай жағдайдарды растайтын тиісті органның және/немесе мекеменің шешімімен расталуға тиіс.

19. Осы Келісімшарт бойынша міндеттемелердің орындалу мерзімі форс-мажорлық жағдайлар, сондай-ақ осы жағдайлардан туындаған салдар орын алған уақытқа тең болады. Егер форс-мажорлық жағдайлардың туындауына байланысты Жұмыспен қамту орталығының, Бағдарламаға қатысушының және жұмыс берушінің осы Келісімшарт бойынша міндеттемелердің толық немесе ішінара орындауының мүмкін болмауы \_\_\_\_\_ (кезеңі көрсетілсін) асатын болса, онда осы Келісімшартты бұзуға құқылы.

5. Басқа да жағдайлар

20. Келісімшартқа тараптардың келісімі бойынша қосымша әлеуметтік келісімшартқа қол қою арқылы өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

21. Осы Келісімшарт оған Халықты жұмыспен қамту орталығы, Бағдарламаға қатысушы және жұмыс беруші қол қойған сәттен бастап күшіне енеді және 20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ дейін қолданылады.

6. Тараптардың мекенжайлары мен деректемелері

|                                                         |                                       |
|---------------------------------------------------------|---------------------------------------|
| Халықты жұмыспен қамту орталығы                         |                                       |
| _____                                                   |                                       |
| (Халықты жұмыспен қамту орталығының толық атауы)        | Бағдарламаға қатысушы                 |
| _____                                                   | _____                                 |
| (заңды мекенжайы)                                       | (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)) |
| _____                                                   | _____                                 |
| (телефон, факс)                                         | (мекенжайы)                           |
| _____                                                   | _____                                 |
| (уәкілетті өкілдің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)) | (телефон, факс)                       |
| _____                                                   | _____                                 |
| (қолы)                                                  | (қолы)                                |
| М.О.                                                    |                                       |

Жұмыс күшінің ұтқырлығын  
арттыру үшін ерікті қоныс  
аудару қағидаларына  
7-қосымша  
Нысан

Қоныс аударуға № \_\_\_\_ жолдама

Қатысушы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), жеке сәйкестендіру нөмірі)

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

(елді мекеннің/ауданның/облыстың атауы)

тұру және \_\_\_\_\_ мамандығы (кәсібі) бойынша жұмысқа  
(кәсіп/мамандық атауы)  
орналасу үшін жіберіледі.

Онымен бірге \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

(өтініш берушіге туыстық қатынасы/тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))  
қоныс аударады.

Халықты жұмыспен қамту

орталығының директоры \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

(қолы)

Берілген күні

М.О.

-----

-----

(кесу сызығы)

Жолдама берген Халықты жұмыспен қамту орталығына қайтарылады

№ \_\_\_\_\_ жолдамаға хабарлама

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

(қоныстанған аудан/қала, облыстың халықты жұмыспен қамту орталығы)

\_\_\_\_\_

(өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), жеке сәйкестендіру нөмірі)  
201\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ жасалған № \_\_\_\_\_ әлеуметтік келісімшартқа сәйкес  
(201\_\_ жылғы \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_ бұйрық) Бағдарламаға қатысушы болып табылады  
және оған

\_\_\_\_\_

(елді мекеннің/ауданның/облыстың атауы)

\_\_\_\_\_

(жұмыс берушінің атауы, заңды мекенжайы, байланыс телефондары)  
кейіннен жұмысқа орналасумен тұрғын үй, қызметтік тұрғын үй, жатақханадан  
бөлме беріледі  
(қажеттінің астын сызу).  
Халықты жұмыспен қамту  
орталығының директоры \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)) (қолы)  
Күні \_\_\_\_\_  
М.О.

Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау және  
әлеуметтік даму министрінің  
өзгерістер мен толықтыру  
енгізілетін кейбір  
бұйрықтарының тізбесіне  
6-қосымша

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 30.06.2023 № 275 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау және  
әлеуметтік даму министрінің  
өзгерістер мен толықтыру  
енгізілетін кейбір  
бұйрықтарының тізбесіне  
7-қосымша

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 30.06.2023 № 275 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау және

әлеуметтік даму министрінің  
өзгерістер мен толықтыру  
енгізілетін кейбір  
бұйрықтарының тізбесіне  
8-қосымша

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 01.09.2023 № 365 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау және  
әлеуметтік даму министрінің  
өзгерістер мен толықтыру  
енгізілетін кейбір  
бұйрықтарының тізбесіне  
9-қосымша

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 01.09.2023 № 365 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.